

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

АҚПАРАТТЫҚ АНЫҚТАМА

Алматы қ.

2013 жылдың 05 ақпаны

2012 жылдағы биржалық қызмет

"Халықтық IPO" бағдарламасы шегінде "ҚазТрансОйл" АҚ қарапайым акцияларын орналастыру

2012 жылдың күзінде Қазақстанда "Халықтық IPO" бағдарламасы басталды.

Осы бағдарламаның барысында акцияларға жазылуды техникалық жағынан ұйымдастыру міндеті Қазақстан Қор биржасына (KASE) жүктелді. Ал 2012 жылдың желтоқсанында "ҚазТрансОйл" АҚ акцияларын IPO-ға шығару бойынша осы бағдарламаның бірінші кезеңі сәтті іске асырылды.

Бағдарламаның бірінші кезеңіндегі қорытынды бойынша KASE Қазақстан Қор биржасы үшін IPO-ны өткізудің келесі оң нәтижелерін белгілеп отыр:

- жеке инвесторлар санының артуы (34 мыңнан астам адам акциялардың орналастырылымына қатысты);
- дивидендтер бойынша төлемді алу және бағалы қағаздардың нарықтағы өсіміне қолжеткізу мақсатында тұрақты мемлекеттік компанияларға қаржы құюдың мүмкіндіктері халыққа көрсетілді;
- Қазақстанның нақты секторына халықтың инвестициясын жаппай тарту бойынша алғашқы тәжірибе іс жүзінде сәтті іске асырылды;
- мемлекеттік компаниялардағы корпоративтік басқарудың сапалы жаңа деңгейге шығуы;
- отандық биржада листингтің меңгерілген рәсімдері арқылы ақпаратты ашып көрсету есебінен мемлекеттік компаниялардағы ақпаратшылық деңгейін арттырудың мүмкіндіктері көрсетілді;
- Үкімет, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ және нарық инфрақұрылымы акциялардың ауқымды бұқаралық орналастырылымын ұйымдастыру бойынша бірегей тәжірибені игерді, осы тәжірибе нарықтық экономика мен экономикалық дамудың әлемдік тәжірибесіне ықпалдасуға ары қарай жақындай отырып, келесі IPO-ларды өткізуді оңтайландыруға мүмкіндік береді.
- халықтың инвестициялық мәдениетін қалыптастырудың тәжірибелік бастамасы жасалды, жинақтарды әртараптандырудың қосымша құралдары пайда болды;
- Қазақстан қор нарығының кәсіби қатысушылары жеке инвесторлармен жұмыс жасау бойынша жаңа тәжірибені игерді.

Мұнай тасымалдау саласының мемлекеттік монополисі "ҚазТрансОйл" АҚ қарапайым акцияларын сатып алу жөніндегі өтініштері кітабы 2012 жылдың 6 қарашасынан бастап бір ай аралығында ашық болды. Қаржы кеңесшілері мен KASE ұйымдастыруымен өткен акцияларға

жазылу рәсіміне 34 мыңнан аса жеке тұлға мен Қазақстанның 10 жинақтаушы зейнетақы қоры (ЖЗҚ) қатысты. Осы акцияларға қатысты сұраныстың жиынтық көлемі ұсыныстан екі еседен астам мөлшерге асып түсіп, нәтижесінде 59,4 млрд теңгені құрады.

Акцияларды орналастырудың нәтижесінде өтініштердің ұйғарынды көлемінің ең жоғарғы мөлшері шегінде жеке тұлғалардың өтініштері 100 %-ға қанағаттандырылды. Белгіленген шектеу көлемінен асып кеткен өтініштер бойынша қанағаттандырылмаған сұраныстың көлемі 71,6 млн теңгені құрады. Акциялардың қорытынды үлестірілімі келесідей көрініс тапты: 22 млрд теңгеден астам сома мөлшеріндегі акцияларды жеке тұлғалар сатып алды; жинақтаушы зейнетақы қорлары 5,7 млрд теңге сомасына бағалы қағаздар сатып алды; маркет-мейкер өзінің міндеттемелерін орындау шегінде 157 млн теңге сома мөлшеріне акциялар сатып алды.

Акцияларды орналастыру айтарлықтай сәтті өтті деп есептеуге болады. Қазіргі уақытта "ҚазТрансОйл" АҚ акциялары орналастырылым бағасынан 12 %-ға жоғары деңгейде саудалану үстінде, зейнетақы қорлары нарыққа едәуір қолдау көрсетуде, ал инвесторлар өз кірісін алуға асығып отырған жоқ. Нарықтық жағдай оңынан көрініс тауып, ал компания 2012 жылы жақсы нәтижелерді көрсеткенін ескеретін болсақ, акциялар құны ары қарайғы өседі деп әбден күтуге болады.

Акцияларды орналастыруға дайындалу және оны өткізу уақыты ішінде биржа қор нарығының барлық тұстарына ықпал еткен көптеген жұмыстарды атқарды. Өлемдік тәжірибеге сәйкес IPO-ның дәстүрлі рәсімі биржадан тысқары өткізілетіндіктен, KASE-ке оны биржа ішінде іске асырудың тетіктерін әзірлеуге тура келді. "Халықтық IPO" бағдарламасының шарттары маңызды мемлекеттік міндеттерді орындаудың кәсіби әрі айқын тәсілін қолдануды талап етті. Сондықтан, осы міндетті іске асыру мақсатында Қазақстанның қор нарығында қалыптасып үлгерген және биржа толығымен қамтамасыз ететін кәсіби инфрақұрылымды тарту қажеттілігі туындады.

KASE-ке жаңа ережелерді, арнайы бағдарламалық қамсыздандыруды әзірлеу бойынша ауқымды жұмысты атқаруға, жаңа сауда модулін өтініштердің ауқымды көлемін қабылдау және өңдеу тұрғысынан енгізу арқылы жүйені тестілеуден өткізуге, сондай-ақ, қор нарығының мүшелерімен жұмыс жасау бойынша іс-шараларды өткізуге тура келді. Сонымен қатар, жеке инвесторларға арнап бірнеше пайдалы науқандар мен іс-шаралар ұйымдастырылды. KASE осы уақытқа дейін олармен өзара әрекеттесіп көрмеген болатын.

Осының барлығы KASE-ке өзінің ақпараттық және операциялық қызметін жаңа деңгейге шығарып, ары қарайғы дамуға дайындалуға мүмкіндік берді.

"ҚазТрансОйл" АҚ қарапайым акцияларына жазылу қорытындысы бойынша "Халықтық IPO" мемлекеттік бағдарламасының бірінші кезеңінде сауданы ұйымдастырушы ретінде KASE өз рөлін сәтті орындап шықты деп айтуға болады.

"ҚазТрансОйл" АҚ қарапайым акцияларын KASE қайталама нарығында саудалау (KZTO сауда белгісімен) белсенді түрде жалғасып келе жатқанын атап өту қажет. Сауда ашылған күннен (2012 жылдың 25 желтоқсанынан) бастап олардың көлемі 3 млрд теңгеден асып түсті, ал бұл біздің нарық үшін өте жақсы көрсеткіш. Осы уақыт ішінде KASE аумағында KZTO бойынша шамамен 1 400 мәміле орындалды. Салыстыру үшін "Қазақтелеком" АҚ қарапайым акцияларын (KZTK – KZTO-дан кейінгі ең өтімді акциялар) саудалаудың көлемін келтірейік: аталған кезең аралығында оның көлемі 1,2 млрд теңгеден асқан жоқ. Осы ретте KZTK акцияларын брокерлік компаниялардың шамамен 200 клиенті саудалаған, ал акцияларға жазылуға қатыспаған жаңа ойыншыларды (174 жаңа шот ашылды) есептегенде, KZTO-ның клиенттер саны 900-дан асып кетті.

Жалпы алғанда, қараша айында 278 жеке тұлға мәміле жасап, ал желтоқсанда бұл көрсеткіш 620-ға жетті.

"Кселл" АҚ IPO-сы

Жылдың соңында "ҚазТрансОйл" АҚ акцияларын орналастырумен қатар, KASE аумағында "Кселл" АҚ IPO-сы өткізілді. Осылайша инвестициялаудың тағы да бір тартымды құралы ұсынылды.

"Кселл" АҚ акциялары 2012 жылдың 29 желтоқсанында бірінші санат бойынша биржаның ресми тізіміне қосылды. KASE аумағында "Кселл" АҚ қарапайым акцияларын листингтеумен қатар, негізгі активі "Кселл" АҚ қарапайым акцияларынан құралған жаһандық депозитарлық қолхаттар Лондон қор биржасында листинг рәсімінен өтті.

"Кселл" АҚ қарапайым акцияларына жазылу және арнаулы сауданы өткізу барысында KASE биржа нарығына 7,5 млрд теңге (жалпы ұсыныс көлемінің 9,44 %) тартылды. Сатып алу туралы өтініштердің жиынтық саны 314-ке жетті.

Қазіргі таңда "Кселл" АҚ қарапайым акцияларын саудалау айтарлықтай белсенді өтуде. 2012 жылдың 13 желтоқсанында қайталама нарықта саудалау ашылғалы бері бағалы қағаздар бойынша жалпы сомасы 750 млн теңгені құрайтын 340 мәміле жасалды.

Қазіргі уақытта "Кселл" АҚ қарапайым акциялары KASE индексіне кіргізілген. Оның акциялары "ҚазТрансОйл" АҚ қарапайым акцияларымен бірге KASE индексінің көрнекілігі арттырып отыр.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының листингі

2012 жылы реттеушінің жаңа талаптарына сәйкес зейнетақы қорлары листинг рәсімінен өтуге міндеттелді. Осы іс сәтті іске асырылды. Қазіргі таңда Қазақстанның барлық 11 жинақтаушы зейнетақы қоры KASE нарығындағы акциялар секторында үшінші санатқа енгізілген, бұл халықтың зейнетақы активтерімен айналысатын операторлардың ақпаратын ашып көрсету тұрғысынан оң нәтиже болып табылады.

Қор нарығындағы және биржаның ішкі құжаттарына енгізілген реттеушілік өзгерістер

2012 жылдың 01 ақпанынан бастап "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банк қызметін және қаржы ұйымдарын тәуекелдерді азайту тұрғысынан реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (ары қарай – Тәуекелдерді азайту турлы заң) көптеген тармақтары күшіне еніп, оларға сәйкес Қазақстан Республикасының Азаматтық және Қылмыстық кодекстеріне, Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар туралы", "Акционерлік қоғамдар туралы", "Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы", "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы", "Инвестициялық қорлар туралы" заңдарына және тағы да басқа бірқатар заңнама актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Бағалы қағаздарға қатысты енгізілген маңызды жаңа ережелердің ішінде келесілерді атап өту қажет:

- Бірыңғай тіркеушіні және Мәселелік несиелер қорын құру;
- листингтен өткен облигацияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында орналастыруға тыйым салу;
- облигациялар иелерінің міндетті түрде өз өкілінің болу қажеттілігін талап ету;
- нақты бір уақиғалар орын алған (нақты бір шарттар орындалмаған) жағдайда эмитентке конвенанттар мен облигацияларды сатып алу бойынша міндеттемелердің қойылуы;
- шетел мемлекеттерінде бағалы қағаздарды шығару мен (немесе) орналастыруына қатысты және осындай бағалы қағаздарды шетел қор биржасында листингтеуіне қатысты

Қазақстан Республикасындағы резидент-ұйымдарға қолданылатын талаптарды, сондай-ақ, осы талаптардың орындалмағаны үшін қолданылатын ықпал-шараларды қатайту;

- биржаның атқарушы органының бағалы қағаздарды жеңілдетілген рәсім бойынша листингтеу бойынша шешімді қабылдауы;
- ЖЗҚ акцияларын міндетті түрде KASE листингінде орналастыру жөніндегі талаптың енгізілуі;
- Қаржылық есептілік депозитариі мен қор биржасының интернет-қорларында қаржылық есептілік пен аудиторлық есептемелерді, сондай-ақ, корпоративтік уақиғалар туралы ақпаратты міндетті түрде жариялау туралы талаптың енгізілуі.

Жоғарыда аталған өзгерістер 2012 жылы еліміздің қор нарығында өткен үрдістерге айтарлықтай әсер еті. Сондай-ақ, биржа өз қызметі мен ішкі ережелерін осы жағдайларға сәйкестендіру бойынша едәуір қор мөлшерін бөлді.

Атап айтқанда, есепті жылда биржа KASE мүшелерінің қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігіне мониторинг жасаудың түбегейлі жаңа тәсілін қолданды. Мұндай мониторингті биржа енді тұрақты түрде іске асырып тұрады. Мониторингтің көзге түсерлік нәтижелерінің бірі болып KASE сайтында биржа мүшелерінің 60-тан аса жаңа бетінің ашылуы есептеледі. Осы беттерде Қазақстанның қаржы нарығында жұмыс жасау кезінде өз серіктесін таңдау үшін инвесторларға қажетті ашық ақпараттың ауқымды көлемі жарияланып отырады.

2012 жылы Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруіне байланысты KASE листингтік компаниялардың инсайдерлік ақпараттарына қолжеткізе алатын тұлғалар туралы ақпаратты ашып көрсету талабын енгізді. Сондай-ақ, ресми тізімнің екінші санатындағы акциялар эмитенттеріне қатысты KASE ағылшын тілінде ақпаратты ашып көрсету талабын енгізді. Сонымен бірге, Биржа кеңесі листингтік компаниялардың жылдық есептемесіндегі ақпаратты ашып көрсету және осы ақпаратты KASE-ке ұсынудың мерзімі бойынша талапты бекітті. Листинг рәсімін нақтылауға бағытталған басқа да өзгерістер енгізілді.

Қазақстан қор биржасы үшін аса маңызды мәселелердің бірі бағалы қағаздардың нарықтағы бағалануы болып табылады. KASE нарықтағы жағдайдың өзгерістерінен кейін бағалы қағаздардың репрезентаттылығы мен шынайылығын арттыру мақсатында бір жыл аралығында осы қағаздарды бағалаудың әдіснамасын өзгертті.

Биржа 2012 жылы KASE өтімділіктің тәуекелдерін барынша азайту үшін маркет-мейкерлер қызметінің ережелеріне бірнеше рет өзгерістер енгізді. Бұл өзгерістер міндеттерді орындамаған жағдайда айып төлем салу, ережелерді бұзу, спрэд мөлшері, баға белгіленімін жариялау және қолдау көрсету шарттарына қатысты.

Исламдық бағалы қағаздардың алғашқы шығарылымы

2012 жылдың 03 тамызында Қазақстанның Даму Банкі жылдық үстемесі 5,5 %, өтеу мерзімі 5 жыл, сомасы 240 млн малайзиялық рингитті (MYR) құрайтын "Сукук "аль-Мурабаха" исламдық облигацияларының алғашқы шығарылымын сәтті орналастырды. Шығарылымның 62 % малайзиялық инвесторлар арасында үлестіріліп, ал 38 % KASE орналастырылды.

Аталған исламдық облигациялардың шығарылымы ТМД аумағында алғашқы рет орналастырылды.

Биржаның клиринг қызметін жүргізу жөнінде лицензия алуы

Тәуекелдерді азайту туралы заңға сәйкес қаржы құралдарымен мәміле жасау жөніндегі клиринг қызметі Қазақстанның бағалы қағаздар нарығында лицензиялануы тиіс қызмет түріне айналды.

Клиринг қызметін атқару туралы лицензияны алу үшін биржа нормативтік құқықтық актілерге сәйкес көптеген жаңа ішкі құжаттарды әзірлеп, оны бекітуі қажет. Бұл міндет сәтті орындалып шықты. 2012 жылдың шілдесінде KASE клиринг қызметін атқару жөнінде лицензия алды.

Басқарманың 2012 жылдың 23 шілдесіндегі шешіміне сәйкес биржаның 32 мүшесіне валюта нарығының клирингтік қатысушысы мәртебесі, ал KASE 10 мүшесіне деривативтер нарығының клирингтік қатысушысы мәртебесі берілді.

Мерзімді нарықты кеңейту

19 желтоқсаннан бастап нарықтың ең өтімді акциялары бойынша жарты жылда орындалатын фьючерстің саудалана бастауы есепті жыл ішіндегі маңызды оқиға болып саналады. Бүгінгі күні KASE мерзімді нарығында USD/KZT валюта жұбы, KASE индексі бойынша фьючерсті, сондай-ақ, төрт эмитенттің (ENRC, Kazakhmys, "Қазақстанның Халықтық жинақ банкі" АҚ, "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ) қарапайым акциялары бойынша фьючерстерді саудалауға мүмкіндік бар. 2013 жылдың 09 қаңтарында "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ қарапайым акциялары бойынша мерзімді келісім-шарттармен алғашқы рет мәміле жасалды.

Биржаның технологиялық дамуы

Сонымен бірге, есепті жыл технологиялық жағынан да аса мазмұнды өтті.

Жылдың басында IS2IN электрондық құжат айналым жүйесі іске қосылды. Ол KASE листингтік компанияларына автоматты түрде өз құжаттарын жіберуге, сондай-ақ, дамыған халықаралық нарықтарда қабылданған тәсілмен кейінірек сайт беттерінде жарияланатын стандартталған жаңалық хабарламаларын құруға мүмкіндік береді. Екінші тоқсанда KASE мүшелері IS2IN жүйесін қолдану мүмкіндігіне ие болды.

2012 жылдың төртінші тоқсанында сауда жүйесінің жаңа нұсқасы (2.34) шығарылып, өтініштер журналын құру, қанағаттандырылуы тиіс өтініштерді іріктеу, өтініштерді тіркеу және мәмілелер бойынша есептесулерді жасау тұрғысынан Орталық депозитариймен өзара әрекеттесу секілді көптеген мүмкіндіктері бар және өнімділік көрсеткіштері аса жоғары "Жазылу" сауда модулі іске қосылды. Транзакциялардың атқарылуын оңтайландыру және FIX-шлюзді (қаржы мәліметтерін таратуға арналған ерекше протокол) жөндеу бойынша жұмыстар жүргізілді.

"Биржалық симулятор" оқытушы әдісі арқылы сауданы сәтті өткізу үшін Оқытушы сауда жүйесі (ОСЖ) жетілдірілді. 2012 жылдың ішінде "Strade" интернет-трейдинг жүйесінің бірнеше жаңа нұсқалары жүйелі түрде ендіріліп, іске қосылды.

KASE ақпараттық технологиялар департаменті "eTransfer.kz" электрондық құжаттарды қауіпсіз тарату жүйесінің жаңа нұсқасы секілді бірнеше жаңа әзірлемелерді іске қосып, бэк-офис, web-сайт, биржаның аппараттық қамсыздандырылуы мен телекоммуникациялар жүйесін жаңартты.

Биржа өткізген PR-кампаниялар

Өткен жыл қоғаммен байланыс құруға бағытталған жобалар мен уақиғалар тұрғысынан өте мазмұнды өтті. "Халықтық IPO" бағдарламасына ақпараттық қолдау көрсету биржа үшін осы бағытта атқарылған аса маңызды жоба болып табылады. Осы бағдарламаның шегінде келесі шаралар атқарылды:

- IPO мәселелері жөнінде кеңес беретін топ құрылды;
- KASE сайтында "Халықтық IPO-ның" арнайы беті әзірленді;
- "Халықтық IPO" бағдарламасы бойынша қорлар мен ақпараттарды ілгерілетуге қолдау көрсетуге арналған жұмыс ұйымдастырылып, түсіндірме беретін көптеген материалдар дайындалып, жарияланды;

- нарықтың қатысушыларына, БАҚ және инвесторларға арналған семинарлар мен білім беруге арналған кездесулер ұйымдастырылды;
- "ҚазТрансОйл" АҚ және "Кселл" АҚ акцияларының қайталама нарықтағы саудалануын салтанатты түрде ашу іс-шаралары өткізілді.

"Халықтық IPO" бағдарламасына тұрақты қолдау көрсетумен қатар, биржа эмитенттері мен оның мүшелерімен серіктестікті нығайту мақсатында KASE белсенді жұмыстарды атқарды. Нарықтың қатысушылары мен листингтік компаниялардың қатысуымен заңнамаға енгізілген өзгерістердің мәселелері көтерілген бірнеше дөңгелек үстелдер, корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі семинарлар, инвесторларға арналған жекелеген екі семинар және KASE брокерлерге арналған екі дөңгелек үстел ұйымдастырылып, журналистерге арнап KASE өзі ұйымдастырған бір семинары өткізілді, сондай-ақ, БАҚ-на арналған тағы да екі семинарда (оның ішінде Астана қаласында) таныстырылымдар жасалды.

19 мамырда КИМЭП негізінде еліміздің жетекші брокерлік компанияларының белсенді жәрдемдесуімен инвестор болуға ниетті тұлғаларға арнап «Қазақстан қор нарығының ашық есіктер күні» атты алғашқы ауқымды іс-шара өткізілді. Іс-шараға инвестор болуға ниетті және инвесторлық тәжірибесі бар 300-ден аса адам келді.

Биржаның еншілес компаниясы "ИРБИС" Қаржы нарықтарының ақпараттық агенттігі" ЖШС KASE қолдау көрсетуімен 2012 жылы екі мәрте "Биржалық ынталандырушы" атты байқауды өткізді. Оған Қазақстанның 9 қаласында орналасқан 20 жоғары оқу орнының 230 студенті қатысты.